

ОРГАНИЗАЦИЯ ПРОТИВОЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКИХ МЕРОПРИЯТИЙ В ОЧАГАХ БЕШЕНСТВА В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Ибрагимов П.Ш. – д.в.н., профессор, генеральный директор, Республиканская ветеринарная лаборатория

Туйакова Р.К. – к.в.н., доцент кафедры ветеринарной санитарии, Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Мусатова Д.У. - магистрант, Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

Нургалиева Д.Т. – студент, Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова

В статье рассмотрена эпизоотическая и эпидемиологическая ситуация по бешенству. Современная ситуация в Казахстане по бешенству – это, в основном, эпизоотия природного типа. Заболеваемость животных бешенством характеризуется периодичностью, с подъемом через 3 года. С 2006 по 2011 год лабораторно подтверждено 171 случай бешенства среди животных. Заболеваемость бешенством среди животных распределялась следующим образом: сельскохозяйственные животные – 32,16%, дикие животные – 16,9%, собаки – 44,5%, кошки – 5,2%, прочие животные – 1,2%. Профилактические мероприятия включают систематическую плановую борьбу с бешенством среди животных на основе массовых профилактических прививок, уничтожение бешеных и бродячих собак и кошек, правильное содержание домашних животных и кошек. Проводится постоянный эпидемиологический надзор за данной инфекцией. В связи со сложной эпизоотической и эпидемиологической обстановкой по бешенству в республике был введен ежеквартальный мониторинг проводимых мероприятий по профилактике бешенства в районах и городах области. Проводимые противоэпидемические мероприятия, мониторинг за мероприятиями по профилактике бешенства в разрезе города и районов, обеспечивают стабилизацию эпидемической ситуации, недопущение возникновения заболеваний бешенства у людей, позволяют проводить эпизоотический прогноз на ближайшую перспективу, оперативно принимать меры по ее улучшению.

Ключевые слова: бешенство, эпизоотологический мониторинг, противоэпидемические мероприятия, периодичность заболевания бешенством.

ORGANIZATION ANTI-EPIDEMIC MEASURES IN THE OUTBREAK OF RABIES IN KOSTANAY REGION

Ibragimov P.Sh. - Doctor of Veterinary Science, professor, General Director, Republican Veterinary Laboratory

Tuyakova R.K. - candidate of veterinary Sciences, docent of veterinary Sciences, Kostanay state university named after Baitursynov A.

Musatova D.U. – undergraduate, Kostanay state university named after Baitursynov A.

Nurgaliyeva D.T. – student, Kostanay state university named after Baitursynov A.

The article considers the epizootic and epidemiological situation on rabies. Modern situation in Kazakhstan on rabies - is basically a natural epizootic type. Incidence of of animal rabies is characterized by periodicity, with the rise in 3 years. From 2006 to 2011, 171 laboratory-confirmed case of rabies in animals. Rabies in of animal distributed as follows: Agriculture animals – 32,16%, wild animals – 16,9%, the dog – 44,5%, cats - 5,2%, other animals – 1,2%. Prophylactic measures include a systematic scheduled control of rabies among animals on the basis of mass prophylactic vaccination, destruction and of rabid stray dogs and cats, proper maintenance of pets and cats. Held a permanent epidemiological surveillance of given infection. Due to the difficult the epizootic and epidemiological situation on rabies in the republic was introduced quarterly monitoring of interventions for the prevention rabies in regions and cities of the region. Conducted antiepidemic measures, monitoring of the measures on prevention of rabies in the context of cities and regions, provide stabilization of the epidemic situation, preventing the occurrence of rabies in people, allow for the epizootic forecast for the near future, take prompt measures to improve it.

Key words: rabies, epizootological monitoring, antiepidemic measures, periodicity the disease of rabies.

КОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДА ҚҰТЫРЫҚ (ҚҰТЫРУ) ОШАҒАНЫ ҚАРСЫ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ибрагимов П.Ш. – в.ғ.д., профессор, Республикалық ветеринарлық зертхана басты директоры

Туякова Р.К. – в.ғ.к., доцент, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Мусатова Д.У. – магистрант, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Нурғалиева Д.Т. – студент, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Бұл жұмыста құтырықтың эпизоотикалық және эпидемиологиялық жағдайы қарастырылды. Қазақстанда құтырық бойынша осы заманғы ахуал – бұл, негізінен, табиғи сипаттағы – эпизоотия (індет). Жануарлардың құтырықпен ауыруы кезеңділікпен сипатталады, әрбір 3 жыл сайын. 2006 жыл мен 2011 жыл аралығында ветеринарлық қызметтің көмегімен жануарлардың 171-інде «құтырық» зертханалық түрде анықталып, расталды. Жануарлар арасында құтырықпен ауыру түрі мына жолдар бойынша бөлінді: 32,16% ауылшаруашылығы малдары, жабайылар – 16,9%, иттер – 44,5%, мысықтар – 5,2%, өзгелері – 1,2%. Ауруды алдын-алу шаралары жануарлар ортасында құтырықпен күрестің жүйелік жоспарлық жұмыстарының жаппай алдын-алу екепелерін жүргізу негізінде, сонымен қатар құтырған қаңғыбас иттер мен мысықтарды жою, үй жануарлары мен мысықтарды дұрыс күтіп ұстау негізінде атқарылады. Республикада құтырық бойынша эпизооттық және эпидемиологиялық жағдайдың күрделілігіне байланысты облыстың аудандары мен қалаларында құтырықтың алдын-алу шаралары бойынша жүргізілетін іс-шараларының квартал сайынғы мониторингі енгізілді. Аурудың ауырлығы, ең бастысы оның зардабы, бізді талдаулар жүйесін жүргізуге және ветеринарлық, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер арасында құтырықпен ауырған жануарлар мен адамдар оқиғасы жөніндегі ақпараттарды жинай отыра эпизоотологиялық-эпидемиологиялық бақылауды ұйымдастырып, жүргізіп отыруға және берілген инфекцияны үнемі эпидемиологиялық бақылауда ұстауға мәжбүрлейді.

Негізгі ұғымдар: құтырық, эпизоотикалық мониторинг, эпидемиологиялық қарсы шаралар, құтырық аурудың оралымдығы.

Құтырық ауруының клиникалық бейнесін (Lyssa, Hydrophobia, LaRage, Rabies) – біздің эрамыздың 1-ші ғасырында тұңғыш рет Авл Корнелий Цельс сипаттап берген болатын, ол бұл ауруды судан қорқу (құтырық) ауруы деп атады. Бұған дейін бұл ауру түрі адамдарды хайуандар қаққаннан кейін белгілі болды. 1885 жылы Л.Пастер адамдарды осы аурудың қозуынан толық сақтандыру мақсатында құтырыққа қарсы вакциналарды дайындап шығарды. 1906 жылдан бастап Еуропада құтыруға қарсы вакциналарды егетін пастерлік бекеттер жұмыс істей бастады. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында В.Бабеш пен А.Негри құтырықтан өлген жануарлардың нейрондарындағы өзіне тән эозинофилді (түйіршікті лейкоциттер) қосындыларды сипаттады.

Құтырық – жыртқыштардың тісі мен сілекейінен түзіліп, бас пен жұлын нейрондарының азғындауы арқылы берілетін вирустық жұқпалы ауру. Жүйке жүйесінің бұзылуына тән белгілер: сал ауруына ұшырау мен өліммен аяқталатын қозушылық, агрессиялық, ақыл-есі кемдік аурулар орын алады. Қоздырғыш – РНК- Lissavirus тұқымдастары Rhabdoviridae геномдық вирусы. Ол таяқша немесе оқтың көлеміндей болады. Вирустың екі түрі белгілі: жануарлар табиғатының ортасында кездесетін көшелік (жабайы), және құтырыққа қарсы дайындалған вакцинаның тиянақталған түрі. Қоздырғыш төменгі қысымға жақсы шыдас береді, бірақ қайнаған суда, қатты кебуде, ультракүлгінді сәулелердің әсерімен, хлораминнің 2% ерітіндісінде, лизола және карбола қышқылын қолданғанда тез жойылып кетеді. Инфекцияның резервуары мен қайнар көзі – ауру жұқтырған жануарлар (түлкілер, қасқырлар, иттер, мысықтар, жарқанаттар, кеміргіштер, аттар, ұсақ және ірі қара мүйізділер және т.б.). Вирус қоршаған ортаға ауру басталуға 8-10 күн қалғанда сілекей арқылы тарап жұқпалы түрге айналады [1].

Қостанай облысы Қазақстанның солтүстік өңірінде, Тобыл және Торғай өзендерінің жағасында орналасқан. Облыстың оңтүстік өңірі Ырғыз ауданының (Торғай аймағы) «Тосын-Құм» шөлейтімен, ал оңтүстік-шығысы Солтүстік Ұлытау жотасымен шектеседі. Облыстың солтүстігі Оңтүстік-Орал қырқасына жақын орналасқан. Облыс аумағы солтүстіктен оңтүстікке дейін 650 шақырымға және батыстан шығысқа дейін 420 шақырымға созылады. Қостанай облысы Қазақстан Республикасының ШҚО, Ақмола, Қарағанды, Ақтөбе облыстарымен, Ресейдің Орынбор, Челябині, Қорған облыстарымен шектеседі. Облыстың жалпы аумағының көлемі – 196 мың кв. км. Жануарлар әлемі әртүрлі. Жыртқыш аңдардың 25 түрі мекендейді. Облыс аумағында мынадай аңдардың түрлері кездеседі: қасқыр, жабайы ит, жанат тәрізді ит, түлкі, жабайы шошқа, елік, бұлан, бөкен, қарсақ, сасықкүзен, қоян және т.б.

Құтырық ауруы бүкіл әлем мен Қазақстан Республикасында күрделі проблемалардың бірі болып қалып отыр. Әлемде құтырық ауруы 150 мемлекетте тіркелген, жыл сайын 55000 адамның өмірін жалмайды, орташа есеппен 10 минут сайын құтырықтан 1 адам өледі екен. Құтырықпен ауырған 55000 мың адамның жұқтырғыш көзінің 99%-ы иттер болып отыр.

Жыл сайын әлемде 15 млн. адам құтырыққа қарсы вакциналарды қабылдайды, бұл шара 327 000 адамды құтырық ауруын жұқтырудан сақтайды. Нәтижесінде денсаулықты сақтау мақсатына, ағымдағы профилактикаға, құтырық ауруын жұқтырған адамдар мен жануарларды бақылауға жұмсалатын шығын шамасы 400 млн. АҚШ долларынан асады.

Соңғы жылдары Қазақстанның қалалары мен елді мекендерінде бақылаусыз қалған қаңғыбас иттер мен мысықтардың аса көбейіп кетуіне және иттерді ұстау ережелерінің өрескел бұзылуына байланысты құтырық ауруының кеңінен етек алуы қатты алаңдатушылық туғызуда.

Жыл сайын елімізде адамдар арасында құтырықпен ауыратын 15 жағдай тіркеледі, уақыт өте келе 100 мың халқы бар елді мекенде аурудың көрсеткіштері төмендер емес, - 200ж. – 0,04 жағдай, 2011 ж. – 0,4 жағдай тіркелген. Жануарлардың тісінен зақымданған адамдар саны 2005 жылы 45 мыңнан асса, ал 2011 жылы 67 мыңға дейін жетіп отыр, олардың ішінен 99,6%-ы құтырыққа қарсы екпені қабылдаған (2000-2011 жылдары құтырықпен ауыру жағдайының талдауы, «АСУ құтырық» бағдарламасы).

Қазақстанда құтырық бойынша осы заманғы ахуал – бұл, негізінен, табиғи сипаттағы – эпизоотия (індет). Қазақстанда індеттің негізгі табиғи аймақтық ошағы – Оңтүстік-Қазақстан, Шығыс-Қазақстан, Алматы, Жамбыл облыстары болып табылады. 2005 жылы құтырық ауруы бойынша сәтсіз жағдайлар Қазақстан Республикасының 39 бекетінде тіркелген, ал 2011 жылы берілген көрсеткіш 144 бекет орнын құрайды. Оңтүстік-Қазақстан облысы індеттің аса қауіпті ошағы болып саналып отыр. Республика өңірлерінің соңғы 5 жылда тіркеген есебі бойынша, адамдар арасында құтырықпен ауырған 44 жағдайдың 30-ы (68,2%) Оңтүстік-Қазақстан облысында анықталды, демек бұл өңір құтырық ауруының негізгі ошағы болып табылады. Құтырықпен ауырған 44 адамның 16-ы (36,4%) 14 жасқа дейінгі балалар және 2-еуі (4,5%) жасөспірімдер. Гидрофобиямен ауырған 44 адамның 40-ының (90,9%) ауруы құтырған иттерден жұққан, 3-еуі (6,8%) – мысықтан, және 1-еуі (2,3%) – түлкіден жұқтырған.

Құтырықпен ауырған 44 адамнан өлген 8-і (18,2%) медициналық көмекке ит қапқанның кейін біраз уақыттан соң ғана барған. Олар құтырыққа қарсы иммуноглобулин мен құтырыққа қарсы «0», «3», «7», «14» екпелерін қабылдады, алайда алған төрт екпелері олардың өмірлерін сақтап қала алмады.

Қостанай облысында құтырықпен ауырған адам оқиғасы 1985 жылы тіркелді. Әйелді үй мысығы тістеп алған, бірақ ол өз уақытында құтырыққа қарсы емді қабылдамаған. 1967 жыл мен 1985 жылдар аралығында адамдардың құтырық ауруынан қайтыс болғаны туралы 7 жағдай тіркелді. Зардап шеккендердің 4-еуі жабайы, ал 3-еуі үй жануарларынан зақымданған. Үшеуі медициналық көмекке жүгінбеген, 2-еуі тағайындалған екпеден бас тартқан, ал 2 адам медициналық көмекке уақытында барған, бірақ оларға құтырыққа қарсы вакциналар тағайындалмаған.

Облыс халқының жануарлардан зақымдалуының жиілігі республикада ең жоғары көрсеткішке ие болып отыр, 2007-2011 ж.ж. бұл көрсеткіш 100 мың халқы бар елді мекенде 340,2-409,6 адамның көрсеткішін құрады. Бірақ бұл тіркелгені ғана, шындыққа жүгінсек нақты көрсеткіш бұдан да жоғары деуге негіз бар, өйткені зардап шеккендер құтырыққа қарсы егілетін вакцинаның көмегін аса қажет деп санамайды.

Жануарлардың құтырықпен ауыруы кезеңділікпен сипатталады, әрбір 3 жыл сайын. 2006 жыл мен 2011 жыл аралығында ветеринарлық қызметтің көмегімен жануарлардың 171-інде «құтырық» зертханалық түрде анықталып, расталды. Жануарлар арасында құтырықпен ауыру түрі мына жолдар бойынша бөлінді: 32,16% ауылшаруашылығы малдары, жабайылар – 16,9%, иттер – 44,5%, мысықтар – 5,2%, өзгелері – 1,2%.

2006 жыл мен 2011 жыл аралығында жануарлар арасында құтырықтың 171 оқиғасы зертханалық түрде анықталып, расталды. Жануарлар арасында құтырық жалпы облыс бойынша тіркеледі, бірақ кейбір аудандарда құтырық ауруы жыл сайын тіркеліп отырады. Құтырық ауруымен ауырған жануарлардың жалпы санын алып қарасақ осы кезеңде, Меңдіқара ауданына 18,1%, Қарабалыққа 5,3%, Әуликөлге 5,3%, Денисов ауданына 6,4%, Қарасуға 5,8%, Ұзынкөлге 5,3%, Қостанай ауданына 18,1%, Қостанай қаласына 13,5% пайыздан келеді [2].

Аурудың ауырлығы, ең бастысы оның зардабы, бізді талдаулар жүйесін жүргізуге және ветеринарлық, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер арасында құтырықпен ауырған жануарлар мен адамдар оқиғасы жөніндегі ақпараттарды жинай отыра эпизоотологиялық-эпидемиологиялық бақылауды ұйымдастырып, жүргізіп отыруға және берілген инфекцияны үнемі эпидемиологиялық бақылауда ұстауға мәжбүрлейді. Ауруды алдын-алу шаралары жануарлар ортасында құтырықпен күрестің жүйелік жоспарлық жұмыстарының жаппай алдын-алу екпелерін жүргізу негізінде, сонымен қатар құтырған қаңғыбас иттер мен мысықтарды жою, үй жануарлары мен мысықтарды дұрыс күтіп ұстау негізінде атқарылады.

Қаңғыбас иттер мен мысықтардың жалпы санын реттеп отыру мақсатында қалалар мен аудандарда 39 арнайы бригадалар ұйымдастырылды. Осы жұмыстарды жүргізу үшін 2011 жылы қала мен аудандардың бюджетінен 17587610 тенге бөлініп, оның 16507694 теңгесі (93%) игерілді. 2011 жылы 8462 иттер, 165 мысықтар, 43 жыртқыш аңдар жойылды.

Республикада құтырық бойынша эпизооттық және эпидемиологиялық жағдайдың күрделілігіне байланысты 2004 жылдан бастап облыстың аудандары мен қалаларында құтырықтың алдын-алу шаралары бойынша жүргізілетін іс-шараларының квартал сайынғы мониторингі енгізілді. Бұл мониторинг құтырықтың алдын-алу жағдайын бақылап отыруға, қиындап кеткен жағдайда шұғыл түрде көмекке келу жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Құтырықтың алдын-алуда санитарлық-насихаттау жұмысы маңызды рөл атқарады. Зардап шеккен адамдарды тексергенде адамдардың хайуанның тісінің қаншалықты қауіпті екенін, құтырық дегеннің не екенін, одан қалай қорғануға болатынын білмейтіндіктері анықталды. Облыстың санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мамандары құтырықтың алдын-алу жөнінде ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстарды жүргізді. Сонымен, 2011 жылы қала мен аудандардың СЭС мамандарының бастамасымен құтырықтың алдын-алу мәселесі бойынша әкімшіліктердің 10 шешімі қабылданды, 462 дәрігерлер мен 1616 орта білімді медициналық қызметкерлер қатысқан 49 семинар болып өтті, 166 дәрістер оқылды, 145 радиолекциялар жүргізілді, көпшілікті ақпараттық құралдарда 22 мақала дайындалып, жарияланды, 113 санитарлық бюллетеньдер шығарылды, теледидарда 13 түрі көрсетілді [3].

Қорытынды:

Эпидемиологияға қарсы жүргізілген іс-шаралар, қалалар мен аудандарда құтырықтың алдын-алу жұмыстарының мониторингі эпидемиялық жағдайларды тұрақтандыруды, адамдардың құтырықпен ауруына жол бермеуді, келешекте эпизооттық болжамды жүргізіп отыруды, оны жақсарту мақсатында шұғыл шара қолдануды қамтамасыз етеді. Құтырықтың алдын-алу жұмысындағы кемшіліктер іс-шараны қаржыландырудың жетімсіздігі, бөлінген қаржыны толық игермеуі, оны тиімді пайдаланбауы, үй жануарларын ұстау мәселесінде құқықтық базаның және оның есебінің болмауы, құтырықтан сақтандыру шараларының жүргізілмеуі, үй жануарлары иелерінің оларды күтіп-ұстау ережелерін дұрыс сақтамауы болып табылады.

Литература:

1. Заволока А.А. О бешенстве / А.А. Заволока // VetPharma. – 2013.- № 4 (15). – С. 24-31.
2. Печенка А.М. Эпидемиологическая и эпизоотологическая ситуация по бешенству в Украине и мире. Бешенство у животных / А.М. Печенка, А.И. Глей. // Клиническая инфектология и паразитология.- 2013. - № 1 (04). – С. 96-109.
3. Осипова Н.И. Меры борьбы с бешенством. / Н.И. Осипова // Ветеринария. Реферативный журнал. – 2008. - № 3. – С. 776.

References:

1. Zavaloka A.A. O beshenstve / A.A. Zavaloka // VetPharma. – 2013. - № 4 (15). – S. 24-31.
2. Pechenka A.M. Jepidemiologicheskaja i jepizootologicheskaja situacija po beshenstvu v Ukraine i mire. Beshenstvo u zhivotnyh / A.M. Pechenka, A.I. Glej. // Klinicheskaja infektologija i parazitologija.- 2013. - № 1 (04). – S. 96-109.
3. Osipova N.I. Mery bor'by s beshenstvom. / N.I. Osipova // Veterinariya. Referativnyy zhurnal. – 2008. - № 3. – S. 776.

Сведения об авторах

Ибрагимов П.Ш. – доктор ветеринарных наук, профессор, генеральный директор Республиканская ветеринарная лаборатория, Астана, пр. Республики 50/1

Туякова Р.К. – доцент кафедры ветеринарной санитарии Костанайского государственного университета им. А.Байтұрсынова, Костанай, ул.Маяковского 99/1, тел. 8-705-603-20-61, e-mail: tuyakova_64@mail.ru

Мусатова Д.У. - магистрант кафедры ветеринарной санитарии Костанайского государственного университета им. А. Байтұрсынова, Костанай, ул. Маяковского 99/1, тел. 8-771-482-91-91, e-mail: dinara.musatova@mail.ru

Нурғалиева Д.Т. – студент кафедры ветеринарной санитарии Костанайского государственного университета им. А. Байтұрсынова, Костанай, ул. Маяковского 99/1, тел. 8-777-493-12-91, e-mail: dinara_2805@mail.ru

Ибрагимов П.Ш. – в.ғ.д., профессор, Республикалық ветеринарлық зертхана басты директоры, Астана, Республика даңғылы 50/1

Туякова Р.К. – А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, ветеринарлық санитария кафедрасының доценті, Қостанай, Маяковский көш, 99/1, тел. 8-705-603-20-61, e-mail: tuyakova_64@mail.ru

Мусатова Д.У. – А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, ветеринарлық санитария кафедрасының магистранты, Қостанай, Маяковский көш, 99/1, тел. 8-771-482-91-91, e-mail: dinara.musatova@mail.ru

Нурғалиева Д.Т. – А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, ветеринарлық санитария кафедрасының студенті, Қостанай, Маяковский көш, 99/1, тел. 8-777-493-12-91, e-mail: dinara_2805@mail.ru

Ibragimov P.Sh. - Doctor of Veterinary Science, professor, General Director of RSE on PVC "Republican Veterinary Laboratory", Astana, prospectus of the Republic 50/1

Tuyakova R.K. – docent of veterinary sanitation of Kostanay state university named after Baytursinov A., Kostanay, street of Маяковского 99/1; phone: 8-705-603-20-61, e-mail: tuyakova_64@mail.ru

Musatova D.U. – Undergraduate of the department of veterinary sanitation of Kostanay state university named after Baytursinov A., Kostanay, street of Маяковского 99/1; phone : 8-771-482-91-91, e-mail: dinara.musatova@mail.ru

Nurgaliyeva D.T. – student of veterinary sanitation of Kostanay state university named after Baytursinov A., Kostanay, street of Маяковского 99/1; phone 8-777-493-12-91, e-mail: dinara_2805@mail.ru